

Астана қаласы әкімдігінің
«Рақымжан Қошқарбаев атындағы №44 орта мектебі» ІІЖҚ МКК
«Әлеуметтік педагог» жұмысының жоспарына
сәйкес 2024-2025 оқу жылының жылдық
атқарылған жұмыстары жайлы қорытынды
Е С Е Б І

Астана қаласының әкімдігінің «Рақымжан Қошқарбаев атындағы №44 орта мектебі» ІІЖҚ МКК «Әлеуметтік педагог» жұмысының жоспарына сәйкес, 2024-2025 оқу жылы бойынша төмендегідей жұмыстар атқарылды.

Мектепте тамыз айының 29 жұлдызында бекітілген өндірістік бұйрыққа сай мектеп әдістемелік бірлестік отырысында қаралып бекітілген әлеуметтік педагогтың жоспары бойынша келесі жұмыстар атқарылды.

Р/с	Мектеп бойынша	Оқушы саны	
1.	Жалпы оқушы	971/953	
1.1	Қыздар саны	461/459	
1.2	Ұлдар саны	510/494	
2.	Сыныптар жиынтығы:		
2.1	Жалпы сынып	44	
2.2	1-4 сыныптар	17	
2.3	5-9 сыныптар	23	
2.4	10-11 сыныптар	4	
2.5	Мектеп алды даярлық	0	
3.			
3.1	Толық отбасылар саны	751/ 696 825 бала. 430 ұл.395 қыз	
3.2	Толық емес отбасылар (ата – ананың біреуінен айырылуы)	24	
3.3	Толық емес отбасылар (ата – аналары ажырасқан)	53	
3.4	Толық емес отбасылар (жалғыз басты ата – аналар Форма №4)	24	
101/109 отбасы 128 бала. 58 ұл, 70 қыз			
3.5	Көп балалы отбасылар	240/221 отб 318 бала 171 ұл, 147 қыз	
3.6	Аз қамтылған отбасылар	78	
3.7	Жетім балалар	3 ұл	3 қыз
3.9	Патронат	0	0
4.	Жайсыз отбасы (ішімдікке салынған.	1/7 19 бала	1

	нашақор, түрмеде жатқан әкесі.)		
4.1	Отбасында жалғыз балалар саны	41	
4.2	Сенімхатпен туыстарында тұратын оқушылар	5/ 1 бала	
4.3	Өгей анамен тұратын оқушылар	7/ 4 отбасы 6 бала 4 ұл/2 қыз	
4.4	Өгей әкемен тұратын оқушылар	9/20 отб 24 бала 12 ұл/12 қыз	
5.	Ұлттық құрамы		
5.1	өзбек	10	
5.2	қырғыз	5	
5.3	әзірбайжан	8	
5.4	кәріс	9	
5.5	татар	16	
5.6	ингушка	9	
5.7	украин	10	
5.8	тәжік	2	
5.9	белорус	11	
6	неміс	21	
6.1	молдован	6	
6.2	поляк	2	
6.3	чечен	5	
6.4	грек	2	
6.5	қазақ	733	
6.6	орыс	154	
6.7	ұйғыр	1	
6.8	армян	4	
7	якут	3	
Барлығы:			
7.3	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек (АСП)	9 отб /20 бала	
8.	Есепте және қолдау орталығында тұрған оқушылар		
8.1	Тәуекел тобы		
8.2	Қалалық есепте	0/2	
8.3	Іздеуде	0/0	
8.4	Балаларды қолдау орталығы (ЦПД)	0	
9.	Оқушылардың денсаулық жағдайы:		
9.1	Үйден оқитын оқушылар	2	
9.2	Инклюзив	13 бала	
9.3	Инвалид оқушылар	5	
10.	Отбасылардың үй жағдайы:		
10.1	Коммуналдық үйде (жатақханаларда) тұратындар	54	
10.2	Жалдап тұратындар	238	

10.3	Жеке меншік жер үйде тұратындар	520
11.	Материалдық жағдайына байланысты:	
11.1	Отбасы кірісі төмен	88
11.2	Орташа	550
11.3	Жоғары	146
12.	Қызметі бойынша:	
12.1	Жұмысшы	465
12.2	Жұмыссыздар	145
12.3	Қызметкер	240
12.4	Зейнеткер	13
12.5	Кәсіпкер	95

Әлеуметтік -педагогикалық реабилитация бөлімі бойынша:

2024-2025 оқу жылында 1 тамыз бен 30 қыркүйек аралығында «Мектепке жол» акциясы өткізілді.

Акцияның мақсаты: Әлеуметтік санатына қарамастан, мектеп оқушыларының толық мектеп формасымен, оқу құралдарымен қамтамасыз етілуін қадағалау. Барлық баланың мектеп партасында отыруын қамтамасыз ету.

Астана қаласы әкімдігінің «Рақымжан Қошқарбаев атындағы №44 орта мектебі» ШЖҚ МКК 2024-2025 оқу жылында санаттар бойынша көрсетілген көмектер төмендегідей.

1) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан шыққан 23 оқушыға;

2) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан 10 оқушыға;

3) жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын 5 оқушыға;

4) төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан 2 оқушыға;

5) білім беру ұйымының алқалы басқару органы айқындайтын білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өзге де санаттарына жататын 47 оқушыға көмек көрсетілді. Жалпы саны 87 оқушыға 3776409 теңге қаржылай көмек көрсетілді.

Сонымен қатар ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаментінің жанындағы "Еріктілер кеңесінің" мүшелері Астана қаласы "Алматы" ауданының әкімдігімен бірлесе отырып 20 балаға мектеп сөмкесімен, оқу құралдарын табыстады.

Астана қаласы Білім басқармасы ММ Халық банкі АҚ бірлесе отырып 1 сынып табалдырығын аттағалы отырған 5 оқушыға мектеп сөмкесі мен оқу құралдарынан сыйлық жасады.

Астана қаласы, әлеуметтік-мәдени дамыту мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның төрағасы маслихат депутаты Смагулов Аскар Сайлаубековичтің атынан мектебіміздің 6 оқушысына қаржылай **150000** теңге бөліп, толық мектеп формасымен қамтамасыз етілді.

Forte Bank` АҚ ұсынылған “Мектепке жол” акциясы аясында 5 оқушыға оқу-құралдары жиынтығы ұсынылды.





29 қараша халықаралық қамқоршылар мерекесіне орай, мектептің қамқоршылық кеңесі төрағасы М.И. Асуханов пен М.Қоразованың қолдауымен қамқоршы ата-атаналарға сыйлықтар мен алғыс хаттар табысталды.

«Қауіпті топ», аз қамтылған, көп балалы, бір ата - анамен тәрбиеленетін, мүгедек, мүмкіндігі шектеулі, жетім және ата- анасының қамқорлығынан айырылған білім алушылар анықталып, сыныптың, мектептің әлеуметтік төлқұжаты әзірленді.

Білім алушылардың сыныптағы, отбасындағы жағдайын анықтау мақсатында, ата-ана қамқорлығынсыз қалып, отбасында тәрбиеленіп жатқан оқушылардың, өгей ата-анамен тұратын оқушылардың, сенімхатпен тұратын оқушылардың, тұрмысы нашар отбасындағы оқушылардың үйлері араланып, тұрмыстық жағдайларымен таныстық, тұрмыстық акт толтырылды.





Мектептің алдын-алу кеңесінің отырыстары өткізіліп, сенімхатпен оқитын оқушылардың сенімгер өкілдерімен кездесу өткізілді. Өгей ата-анамен тұратын оқушылардың ата-аналарымен кездесу өткізілді.

Оқу жылының басында мектеп асханасы жұмысының сапалы жүргізілуін ұйымдастыруға орай, құрамы 9 адамнан тұратын бракераждық комиссия құрылған болатын. Комиссия қыркүйек, қазан, қараша, желтоқсан айларында мектеп асханасына тексеру жүргізіп, тоңазытқыш-технологиялық жабдықтардың жарамдылығын, өнімдердің (азық-түліктің) сапасына және дайын тағамдардың сақтау мерзімдері мен жағдайларының сақталуын, ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің 2017 жылдың 16 тамызындағы «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларын бекіту туралы №611 бұйрығы негізінде медициналық қызметкер Г.Мусахан асханадағы ыстық тамақ мәзірін, ыстық тамақ сапасын күн сайын бракераж журналына жазу арқылы тағамның сапасына органолептикалық бағалау жүргізіп отырады.



Жаңа 2025 жылды қарсы алу мерекелік іс-шараларына №44 орта мектебі оқушылары да қатыстырылды.

25 желтоқсан күнгі Президенттік шыршаға жетім бала 7 «Б» сынып оқушысы Қуатбек Мейірім Әлімханқызы және оқу озаты 6 «Б» сынып оқушысы Бейсенбин Асланбек Асылбекұлы Қамқоршылық кеңес шешімімен ұсынылып, мерекені тамашалап қайтты. Материалдық және тәттілер сыйлығы табысталды.



26 желтоқсан күні Астана қаласы әкімінің шыршасына жетім бала 6 «А» сынып оқушысы Безкоровайный Дмитрий мен көп балалы отбасының баласы 5 «Б» сынып оқушысы Қоңыратбаев Рамазан ұсынылды.



Астана қаласы, Алматы ауданы әкімінің шыршасына жетім бала 4 «Ә» сынып оқушысы Асқаров Шапағат және 3 “А” сынып оқушысы Тищенко Диана ұсынылды.



Алматы аудандық мәслихаты депутаттарының демеушілігімен ұсынылған тәтті сыйлықтар инклюзия, көп балалы, мұқтаж отбасы балаларына табысталып, балалар қуанышқа кенелді.

Олар: Барт Олег, Тулымкожин Әлихан, Шабанбай Бекарыс, Жанболатов Данияр, Әлкей Жасмин, Қанатов Таңат, Баранбаева Томирис, Елеусизов Адильхан, Зұлпұхар Нұрмұхамед, Серік Самғат, Молдасын Наурызбай.

Мектеп бойынша тәуекел топтағы отбасы балалары және сенім хатпен отбасыларда тұратын оқушылар тізімі жинақталып, Мектеп бойынша 21 бала назарға алынды. Сынып жетекшілермен, мектеп психологы, Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарынан құралған комиссия оқушылар үйін аралап, Тұрмыстық актілер жасалынды.

Тәртібінде мәселе бар оқушылар ата-аналарымен әңгіме жүргізіліп, профилактикалық кеңестерге шақыртылды.

Әлеуметтік аз қамтылған екі отбасына қаржылай, азық-түлікпен демеушілер тарапынан көмек көрсетілді.

Халықтың әлеуметтік осал тобына жататын отбасы ата-аналарына egov.kz, Mindal kz, Indigo kz сайттарында құжат тіркеу мәселелерімен көмек көрсетілді.

ХӨОТ балаларының асханадан АПК аппаратынан өтіп тамақтануын қадағалауға алынып, құжаттары жасалынды.

Жазғы маусымда “Жасыл ел” жасағы қатарында жұмыс жасайтын, Қала сыртындағы лагерьде демалушы балалар, Мектепшілік лагерьде тегін тамақтанатын оқушылар тізімі жасақталды.

"Жасыл ел" көгалдандыру бағдарламасы өз қызметін 1 мамырдан басталып және тамыз айының соңына дейін жалғастырды. Біздің мектептен 14-16 жас аралығындағы 41 оқушы іріктелінді. Бұл жазғы еңбек практикасында мектеп алаңын көгалдандыру және «өсімдіктерді отырғызу, суару, әр түрлі бөліктеріндегі өсімдіктерді түптеу және мектеп айналасындағы, ішкі және сыртқы жұмыстар қамтылды. Бұл бағдарламадағы басты бағыт – табиғатты қорғау, экологияны сақтауға ғана емес, жастардың тәрбиесі мен еңбекке баулу. «Бағдарламаның тағы бір тиімді тұсы – жастарды еңбекке тарту. Бұл - оқушыларға, әрі Қазақстан бойынша жұмыспен қамтылмаған жастарға ресми жұмысқа орналасуына берілген бірегей мүмкіндік. **Мақсаты:**

Оқушыларға экологиялық тәрбие беру арқылы олардың дүниетанымын, табиғатты қорғау қабілеттерін арттыру.

Табиғатты, қоршаған ортаны аялауға, қорғауға, тазалығын сақтауға, қамқорлық жасауға, мейірімді болуға, жауапкершілікке тәрбиелеу.



Халықаралық 1 маусым балаларды қорғау күні мерекесіне орай, “Үміт” жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің демеушілігімен ерекше білім беруді қажет ететін, сонымен қатар ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 15 оқушыға тәттілер мен сертификаттар сыйға тартылды.



52 орта мектеп базасында орналасқан ППҚО ұйымдастыруымен өткізілген семинарға қатысып, тәжірибе алмастым.

ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГ
ЖОСПАРЫНА САЙ
АТҚАРЫЛҒАН ЖЫЛДЫҚ

ЕСЕБІ

2024-2025 оқу жылы

Орындаған: Серікбаева С.Д.

